

Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдарын, темір жол станциялары мен разъездерін, мұнай кен орнын, сондай-ақ физикалық-географиялық объектісін атау мен қайта атау және темір жол станциялары атауларының орыс тіліндегі транскрипциясын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 497 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес және Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы мен Астана қалалары әкімдіктерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдары мен мұнай кен орнына есімдер берілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдары мен темір жол станциясы қайта аталсын.

3. Алматы облысының Іле Алатауы Қарғалы шатқалындағы атауы жоқ 4150-4200 метрлік биіктікке "Тәуелсіздік шыңы" деген атау берілсін.

4. 3-қосымшаға сәйкес темір жол станциялары мен разъездеріне атаулар берілсін.

5. 4-қосымшаға сәйкес темір жол станциялары атауларының орыс тіліндегі транскрипциясы өзгертілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 м а м ы р д а ғ ы

N 4 9 7 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Көрнекті тарихи тұлғалардың, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, дәрігерлердің, мүсіншілердің, композиторлардың, педагогтар

мен мұнайшылардың есімдері берілген білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдарының, мұнай кен орнының тізбесі

Ақмола облысы бойынша

Аршалы ауданының Александровка орта мектебіне - халық ақыны Иманжүсіп Қ ұ т п а н ұ л ы н ы ң е с і м і ;

Сандықтау ауданының Веселов орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері Байдалы Оразалиннің есімі;

Ақтөбе облысы бойынша

Әйтеке би ауданының Қарабұтақ орта мектебіне - халық жазушысы Қуандық Шаңғытбаевтың есімі;

Атырау облысы бойынша

Атырау қаласының облыстық N 1 мектеп-интернатына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, профессор Сабыр Қазыбаевтың есімі;

Жылыой ауданының "Шығыс Прорва" мұнай кен орнына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұнайшысы Сағидолла Нұржановтың есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Тарбағатай ауданы Маңырақ ауылдық округінің Бозша орта мектебіне - Дәулетбай батырдың есімі;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне - Жәңгір ханның есімі;

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне - ақын Махамбет Өтемісовтің есімі;

облыстық филармонияның қазақ халық аспаптары оркестріне - күйші-композитор

Дәулеткерей Ш ы ғ а й ұ л ы н ы ң е с і м і ;

Жәнібек ауданының Жақсыбай орта мектебіне - қоғам және мемлекет қайраткері Мұстақым Ықсановтың есімі;

Қарағанды облысы бойынша

Жезқазған қаласының N 5 орта мектебіне - белгілі педагог Қабден Шыңғысовтың е с і м і ;

Қарағанды қаласының көркемөнер-өндірістік комбинатына - мүсінші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Төлеген Досмағамбетовтың есімі;

Бұқар жырау ауданының Қаражар орта мектебіне - Мәнжі батырдың есімі;

Жаңаарқа ауданы Атасу кентінің N 1 орта мектебіне - белгілі педагог Оразалы Жұмабековтың есімі;

Қостанай облысы бойынша

Қостанай инженерлік-экономикалық университетіне - белгілі жазушы Міржақып Дулатовтың есімі;

Қызылорда облысы бойынша

облыстық дарынды балаларға арналған спорт мектеп-интернатына - белгілі қолбасшы Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлының есімі;

Қызылорда аграрлық-техникалық колледжіне - қоғам қайраткері Исатай Әбдікәрімовтің есімі;

Қызылорда музыкалық колледжіне - күйші-композитор Қазанғап Тілепбергенұлының есімі;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне - академик Манаш Қозыбаевтың есімі;

Жамбыл ауданының Жаңажол орта мектебіне - жазушы Ғабит Мүсіреповтің есімі;
облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасына - жазушы Ғабит Мүсіреповтің есімі;

Петропавл қаласының N 18 мектеп-лицейіне - философ әл-Фарабидің есімі;
Мамлют қаласының N 3 орта мектебіне - қоғам қайраткері Хасан Бектұрғановтың есімі;

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының N 1 мектеп-гимназиясына - Батыр Баянның есімі;

Шал ақын ауданының N 3 Сергеевка орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкиннің есімі;

Шал ақын ауданының Балуан орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Сейтен Сауытбековтің есімі;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Шымкент қаласының "Самал-2" шағын ауданындағы орта мектепке - қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың есімі;

Түркістан қаласының N 14 орта мектебіне - белгілі әскери қолбасшы Күлтегіннің есімі;

Сайрам ауданы Жаңаталап ауылдық округінің N 95 бастауыш мектебіне - қоғам қайраткері Абылай Серғазиевтің есімі;

Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылдық округінің бастауыш мектебіне - лингвист ғалым, профессор Әдіхан Ақабаевтың есімі;

Шымкент қаласының республикалық әскери мектеп-интернатына - Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахымовтың есімі;

Шымкент қаласының N 371 орталау мектебіне - жазушы Қарауылбек Қазиевтің есімі;

облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасына - Қазақстан Республикасының "Халық қаһарманы" Қайрат Рысқұлбековтің есімі;

Шымкент қаласының гипербариялық оксигенация орталығына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері, профессор Тұрмахан Орынбаевтың есімі;

Шымкент қаласының N 76 бастауыш мектебіне - қоғам қайраткері Рысбек

М ы р з а ш е в т і ң е с і м і ;

Қазығұрт аудандық орталық кітапханаға - лингвист ғалым Құлмат Өмірәлиевтің
е с і м і ;

Шардара қаласының бастауыш мектебіне - жазушы Бердібек Соқпақбаевтың есімі;

Отырар ауданы Шәуілдір ауылдық округінің Шәуілдір бастауыш мектебіне - ақын
Зияш Қалауованың есімі;

Алматы қаласы бойынша

Жетісу ауданының N 16 орта мектебіне - қоғам қайраткері, жазушы Әди
Шәріповтің есімі;

Астана қаласы бойынша

Алматы ауданының N 37 орта мектебіне - халық жазушысы Сырбай Мәуленовтің
есімі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 м а м ы р д а ғ ы

N 4 9 7 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қайта аталатын білім беру ұйымдарының және темір жол станциясының тізбесі

Ақмола облысы бойынша

Щучье ауданының Н.Щорс атындағы орта мектебі - Наурызбай батыр атындағы
орта мектеп;

Алматы облысы бойынша

Алматы тасымалдау бөлімшесінің "Дружба" темір жол станциясы - "Достық" темір
жол станциясы;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылдық округінің Кожехар орта мектебі - Жаңабұлақ
о р т а м е к т е б і ;

Жәнібек ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің В.И.Ленин атындағы орта мектебі -
Ұ з ы н к ө л о р т а м е к т е б і ;

Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округінің "Правда" орта мектебі -
Социалистік Еңбек Ері Виктор Шубин атындағы орта мектеп;

Қостанай облысы бойынша

Жангелдин ауданының В.И.Ленин атындағы орта мектебі - Қазақ КСР-інің ауыл
шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкері, қоғам қайраткері Аңсаған Қонақбаев
атындағы орта мектеп;

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда қаласының 1 Май атындағы N 1 мектеп-лицейі - халық жазушысы
Қалтай Мұхамеджанов атындағы N 1 мектеп-гимназия;
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Сайрам ауданы Ақсу ауылдық округінің "Солнышко" бала бақшасы - "Күншуақ"
б а л а б а қ ш а с ы ;

Сарыағаш ауданы Ақтөбе ауылдық округінің С.М.Киров атындағы бастауыш
мектебі - ақын Мақтымқұлы атындағы бастауыш мектеп;

Сарыағаш ауданы Біртілек ауылдық округінің "Коммунизм" бастауыш мектебі - "
Е р к і н д і к " б а с т а у ы ш м е к т е б і ;

Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округінің "Пионер" бастауыш мектебі -
жазушы Спандияр Көбеев атындағы бастауыш мектеп;

Сарыағаш ауданы Қошқар ата ауылдық округінің "Қызыл ту" орта мектебі -
Ақтамберді жырау атындағы орта мектеп;

облыстық зағип балаларға арналған мектеп-интернат - "Үміт" мектеп-интернаты;

Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылдық округінің "Қазақстанның XX жылдығы"
орталау мектебі - халық ақыны Кенен Әзірбаев атындағы орталау мектеп;

Қазығұрт ауданы Қызылқия ауылдық округінің М.Калинин атындағы бастауыш
мектебі - күйші-композитор Түркеш Қалқаұлы атындағы бастауыш мектеп;

Мақтаарал ауданы Жамбыл ауылдық округінің "Арай" орта мектебі - белгілі
педагог Қазымбет Дәрімбаев атындағы орта мектеп;

Созақ ауданы Қыземшек кенттік округінің А.Гайдар атындағы орта мектебі -
күйші-композитор Төлеген Момбеков атындағы орта мектеп;

Сайрам ауданы Қаратөбе ауылдық округінің С.Буденный атындағы орта мектебі -
белгілі педагог Әли Ақбаев атындағы орта мектеп.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 м а м ы р д а ғ ы

N 4 9 7 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

Қайтадан құрылған темір жол станциялары мен разъездерінің тізбесі

Ақтөбе облысы бойынша

Хромтау	темір	жол	станциясы;
Аққұдық	темір	жол	разъезі;
Жоса	темір	жол	разъезі;
Үйтас	темір	жол	разъезі;

Ырғыз темір жол станциясы;
Әйке темір жол станциясы;

Қызылсай темір жол разъезі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 м а м ы р д а ғ ы

№ 4 9 7 қ а у л ы с ы н а

4-қосымша

Атауларының орыс тіліндегі транскрипциясы өзгертілген темір жол станцияларының тізбесі

Семей тасымалдау бөлімшесі бойынша

станция Жиланды - Жыланды станциясы;
станция Темеклы - Темекілі станциясы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК